

## МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК САЛЫҚТЫҢ РӨЛІ

**Искакова Мадина**

[ma31@mail.ru](mailto:ma31@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Экономика факультетінің студенттері,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Бекболсынова А.С.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының өзекті мәселелерінің бірі – салық ауыртпалығы болып табылады. Аталмыш мәселе шаруашылық іс-әрекетпен айналысатын салық агенттерін толғандырады. Олар: мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар, жалдамалы жұмысшылар.

Қазақстандағы мамандардың ойынша, елімізде салық ауыртпалығының деңгейі жоғары болып табылмайды. Әдетте бұл жалпы ішкі өнімдегі салық ауыртпалығының үлесінің көрсеткішіне негізделеді. Қазақстан Республикасының бюджетінің салықтық түсімдерінің жалпы ішкі өнімдегі үлесі жалпы алғанда 18-19 % пайызды құрайды. Мысалы, 2018 жылы салықтық түсімдер 11 090 86,2 млрд. тг болса, ал жалпы ішкі өнім 61 819,5 млрд. тг құрайды. Сонда салықтық түсімдердің жалпы ішкі өнімдегі үлесі  $1109086,2/61819,5 = 17,9\% = 18\%$  пайызды құрайды[1].

1-кесте – Мемлекеттік бюджет атқарылуының салыстырма талдауы

Атауы	Мемлекеттік бюджет / Государственный бюджет			
	2019 жылға түзету енгізілген бюджет (млн. теңге)	2019 жылғы қаңтар-қыркүйек атқарылуы (млн. теңге)	бір жылға түзету енгізілген бюджеттің атқарылу %-ы	2018 ж. қаңтар-қыркүйек %-бен 2019 ж. қаңтар-
I. КІРІСТЕР	12 587 901,6	9 238 898,1	73,4	111,2
Салықтық түсімдер оның ішінде:	9 205 122,2	6 426 506,2	69,8	115,4
әлеуметтік салық	683 104	506 685	74	112
Ескерту – кесте автормен құрастырылған				

1-кестеден көріп отырғанымыздай, еліміздің 2018 жылғы бюджеттегі салықтық түсімдері өзінің жоспарын толық орындап шықты, сонымен қатар 2019 жылы дәл осы кезеңмен салыстырсақ, салықтық түсімдердің орындалуының өсу қарқынын байқауға болады.

2-кесте - Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы, 2016-2019 жылдары

млн.тгАтауы	2016 ж. есеп	% (әс салықтық түсімдегі мөлшері)	2017 ж. есеп	% (әс салықтық түсімдегі мөлшері)	2018 ж. есеп/ 2018 г. отчет			2019 ж. қаңтар-қыркүйек есеп	% (әс салықтық түсімдегі мөлшері)
					жылдық	% (әс салықтық түсімдегі мөлшері)	қаңтар-қыркүйек		
1	2		3		4		5		6
I.	9 308		11 567		10 808		8 304		9 238

КІРІСТЕР	485		691		573		836		898	
Салықтық түсімдері, оның ішінде:	6 023 263		6 810 851		7 890 048		5 567 939		6 426 506	
әлеуметтік салық	530 440	8.8	576 607	8.5	618 505	7.8	451 347	8.1	506 685	7.8
Ескерту – кесте автормен құрастырылған [2]										

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, әлеуметтік салықтың түсуі жыл сайын көбеюін көруге болады. 2016 жылы әлеуметтік салық 530 440 млн. тг құраса, 2017 жылы 576 607 млн тг болды. Аталмыш салық түрі 2018 жылы 618 505 млн. тг құрады. Әлеуметтік салықтың сандық көрсеткіштерінің ұлғаюына қарамастан оның мемлекеттік салықтық түсімдерінің үлесі төмендеп келе жатыр деп айтуға болады. Бұл дегеніміз қарастырылып жатқан салықтың элементтерінің көпшілігі сауатты жасалғанына күмәнмен қарауға болады. Мысалы, қолданылып жатқан әлеуметтік салықтың есептеу және төлеу механизмнің дұрыс ұйымдастырылуы өтпелі кезеңде мемлекетімізге жаңа экономикалық жағдайларына бейімделуіне мүмкіндік беруіне бермейді деп айтуға болады.

3-кесте Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ағымдағы жылдың есепті кезеңінде мемлекеттік бюджетке төленетін салықтар мен төлемдер түрлері бойынша 16.11.2019 ж. кірістер түсімдері (мың тг) [3]

Төлемдердің атауы	Жоспар	қаңтар-қарашаға фактісі	жоспарды орындау %ы	өткен жылдың ұқсас кезеңінде, %
Салықтық түсімдер	7 621 717 145,5	14 285 251 264,0	187,4	227,7
Әлеуметтік салық	584 834 930,7	1 137 439 813,9	194,5	223,6

3-кестеден көріп отырғанымыздай, 2019 жылдың 16 қарашаға сәйкес мәліметтерге сәйкес әлеуметтік салық бойынша жоспар орындалған, жоспардың орындалуы 194,5% құрайды. Айта кететін жайт, өткен жылдың, яғни 2018 жылдың ұқсас кезеңінде жеке табыс салығы бойынша жоспар 208,7% орындалған болатын. Сонымен қатар қаңтар-қыркүйек фактісі бойынша 1 137 439 813,9 мың тг құрайды, ал жоспар бойынша 584 834 930,7 мың тг. Жоспарды орындау 223,6 % құрайды.

Қорыта келе, бұл жұмыста Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіндегі әлеуметтік салықтың үлесі талданды. Қарастырылған салық түрі мемлекеттік бюджетте маңызды роль атқарады. 2019 жылғы 16 қарашадағы мәліметке сәйкес жеке табыс салығы өзінің белгіленген жоспарын артығымен орындағанын көрдік. 2016-2018 жылдың мәліметтеріне сәйкес әлеуметтік салықтың түсуі жыл сайын көбеюін көруге болады. Алайда, әлеуметтік салықтың мемлекеттік салықтық түсімдеріндегі үлесі төмендеп келе жатыр. Бұл дегеніміз қарастырылып жатқан салықтың элементтерінің көпшілігі сауатты жасалғанына күмәнмен қарауға болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы(Салық кодексі)»  
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120>
2. Дүниежүзілік статистикалық көрсеткіштер туралы интернет желісі  
<https://ru.tradingeconomics.com/country-list/personal-income-tax-rate>
3. Қазақстан Республикасының Қаржы министірлігінің ресми сайты [www.minfin.gov.kz](http://www.minfin.gov.kz)